

FTAMP 14.35.17

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025199321>**М.А. Иманқұлова** 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: mika_iman@mail.ru

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ САНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Бүгінгі жаһандық білім беру жүйесінде жоғары оқу орнында оқитын білім алушыларының сандық сауаттылығы мен құзыреттілігін дамытудың маңызы артып келеді. Мақалада «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің сандық құзыреттілігін арттырудың заманауи тәсілдері мен әдістері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің сандық құзыреттілігін арттыруға бағытталған заманауи тәсілдер мен әдістерді жүйелеу және талдау, жүргізілген сауалнама негізінде студенттердің сандық және сапалық көрсеткіштерінің нақты жағдайын бағалау. Қарқынды дамып келе жатқан сандық технологиялар қоғамы жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді пайдалана білу болашақ гуманитарлық бағытта білім алып жатқан мамандардың кәсіби дайындығының сандық құзыреттілігін анықтайтын негізгі қағидасы. Жоғары оқу орны (ЖОО) студенттерінің сандық дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық тәжірибелер мен технологияларды анықтау, білім алушылардың заманауи кәсіби маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері үшін сауалнама әзірленіп, арнайы қатысқан респонденттер сандық технологиялар саласындағы өз дағдыларын, АКТ-ды оқу процесінде қолдану жиілігін және білім беру әдістеріндегі үлес көрсеткішін бағалады. Алынған деректер студенттердің базалық және жетілдірілген сандық құралдарды меңгеру деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесінде жобаға негізделген оқыту мен интерактивті оқыту форматтарына деген жоғары қызығушылық бар екені анықталды.

Әдебиеттерге шолу жасау барысында сандық құзыреттілік пен сандық сауаттылық ұғымдары сараланып, заманауи білім беру технологиялары (EdTech) және «Edutainment» (білім беру мен ойынды біріктіру) тұжырымдамасы оқыту мотивациясын және тиімділігін арттыру әдістері ретінде талданған. Интерактивті білім беру платформалары, қашықтықтан оқыту және ойын форматын біріктіру студенттердің сандық дағдыларын қалыптастыруға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететіні көрсетілген.

Мақаланың нәтижелерді талқылау бөлімінде оқу үдерісіне заманауи сандық әдістерді жүйелі түрде енгізудің, оқытушыларды даярлау мен жоғары оқу орындарының техникалық базасын дамытудың қажеттілігін айқындайды. Бұл студенттердің заман талаптарына сай сандық кеңістікте сәтті бейімделуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: сандық технология, кеңістік, құзыреттілік, EdTech, сандық құзыреттілік, сандық оқыту, студент, заманауи әдістер, білік, дағды.

M.A. Imankulova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: mika_iman@mail.ru

Methods to Improve The Digital Competence of Students of Kazakh Philology

In today's global education system, the importance of developing digital literacy and competence among higher education students is steadily increasing. This article examines modern approaches and methods to enhance the digital competence of students majoring in "Kazakh language and literature." The objective of the study is to systematize and analyze contemporary approaches and methods aimed at improving the digital competence of these students, as well as to assess the actual state of students' digital and qualitative indicators based on a conducted survey.

In a rapidly developing society driven by digital technologies, the ability to effectively use information and communication technologies (ICT) is a fundamental principle that defines the digital competence of future specialists in the humanities. Identifying effective pedagogical practices and technologies that contribute to the development of digital skills in university students supports the formation of learners as modern professionals.

During the practical research, a survey was developed for students majoring in “Kazakh language and literature,” where respondents assessed their skills in digital technologies, the frequency of ICT use in the learning process, and the share of digital methods in education. The collected data revealed significant differences in students’ mastery of basic and advanced digital tools. Additionally, the survey results showed strong interest in project-based learning and interactive teaching formats.

A literature review analyzed the concepts of digital competence and digital literacy, exploring modern educational technologies (EdTech) and the “Edutainment” concept (combining education and entertainment) as methods to increase motivation and teaching effectiveness. Interactive educational platforms, distance learning, and game-based formats were shown to facilitate the development of students’ digital skills and foster their creative potential.

The discussion section highlights the necessity of systematically integrating modern digital methods into the educational process, training educators, and enhancing the technical infrastructure of higher education institutions. This will ensure that students successfully adapt to the digital environment in accordance with contemporary requirements.

Keywords: digital technology, space, competence, EdTech, digital competence, digital learning, student, modern methods, knowledge, skills.

М.А. Иманкулова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: mika_iman@mail.ru

Способы повышения цифровой компетентности студентов казахской филологии

В современной глобальной системе образования возрастает значение развития цифровой грамотности и компетентности обучающихся в высших учебных заведениях. В статье рассматриваются современные подходы и методы повышения цифровой компетентности студентов специальности «Казахский язык и литература». Цель исследования – систематизация и анализ современных подходов и методов, направленных на повышение цифровой компетентности студентов данной специальности, а также оценка реального состояния цифровых и качественных показателей учащихся на основе проведенного анкетирования. В условиях стремительно развивающегося общества цифровых технологий умение эффективно использовать информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) является ключевым принципом цифровой компетентности будущих специалистов гуманитарного профиля. Выявление эффективных педагогических практик и технологий, способствующих развитию цифровых навыков студентов вуза, способствует формированию обучающихся как современных профессионалов.

В ходе проведенного практического исследования был разработан опрос для студентов специальности «Казахский язык и литература», в которой респонденты оценивали свои навыки в области цифровых технологий, частоту применения ИКТ в учебном процессе и уровень внедрения образовательных методов. Полученные данные показали существенные различия в уровне овладения базовыми и продвинутыми цифровыми инструментами. Кроме того, результаты анкетирования выявили высокий интерес к проектно-ориентированному обучению и интерактивным формам преподавания.

В обзоре литературы проведен анализ понятий цифровой компетентности и цифровой грамотности, рассмотрены современные образовательные технологии (EdTech) и концепция «Edutainment» (совмещение обучения и игры) как методы повышения мотивации и эффективности обучения. Отмечено, что интерактивные образовательные платформы, дистанционное обучение и игровые формы способствуют формированию цифровых навыков студентов и развитию их творческого потенциала.

В разделе обсуждения результатов подчеркивается необходимость систематического внедрения современных цифровых методов в учебный процесс, подготовки преподавателей и развития технической базы высших учебных заведений. Это обеспечит успешную адаптацию студентов к цифровому пространству в соответствии с требованиями времени.

Ключевые слова: цифровые технологии, пространство, компетентность, EdTech, цифровая компетентность, цифровое обучение, студент, современные методы, знания, навыки.

Кіріспе

Бүгінгі күні білім беру мәселесінде сандық технологияларды тәжірибеге ендіру қарқынды жүргізіліп жатыр. Ақпараттық-коммуникация-

лық технологияларды оқу үдерісіне енгізудің нәтижесінде жоғары оқу орындары түлектерінің алдында заманауи құзыреттілік талаптарын меңгеру мақсаты түр. Білімді сандық трансформациялау жағдайында және оқу үдерісінде сандық

технологиялардың рөлінің артуына байланысты, әсіресе гуманитарлық бағыттағы студенттердің, атап айтқанда филологтардың, сандық сауаттылығын дамыту ерекше маңызға ие. Сандық сауаттылық сандық ақпаратты түсіну, түсіндіру және тиімді пайдалана білу қабілетін қамтиды, бұл қазіргі ақпараттық қоғамда ғылыми қызмет үшін ғана емес, күнделікті қарым-қатынас үшін де қажетті дағдыға айналып отыр.

Филолог-студенттердің сандық сауаттылығын арттырудың негізі – икемді сандық құралдар мен интерактивті білім беру платформаларын оқу үдерісіне біріктіру. Бұл студенттердің жеке білім беру қажеттіліктерін есепке ала алатын гибридік оқыту үлгілерінің тиімділігімен расталады. Жасанды интеллект жүйелеріне негізделген курстарды пайдалану студенттерге материалды ыңғайлы жылдамдықта меңгеруге және мазмұнды білімдегі жеке кемшіліктерге сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл сандық деректерді тереңірек үйренуге ықпал етіп, аналитикалық ойлауды дамытуға көмектеседі.

Сандық дағдылардың практикалық қолданылуы статистикалық деректерді, модельдерді құру және талдау, сұхбат алу және пәнаралық зерттеулерде сандық ақпаратты өңдеуді қамтитын жобалық-бағдарланған тапсырмалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Интерактивті имитациялар, виртуалды зертханалар және ойын элементтері сияқты сандық құралдар студенттердің мотивациясы мен белсенділігіне ықпал етеді.

Әдістемені сәтті жүзеге асыру үшін болашақ маманның жаңа сандық құралдарды қолдану әдістері бойынша біліктілігін арттыру, олардың кәсіби дамуы мен ынтымақтастығы үшін платформалар құру өте маңызды. Заманауи білім беруді басқару жүйелері (BSB) оқытушыларға студенттердің прогресін бақылауға және оқу үдерісін өз мезетінде түзетуге мүмкіндік береді. Бұл оқыту сапасын арттырады және білім беру ортасын пайдаланушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге ықпал етеді.

Сондықтан, икемді сандық технологиялар мен гибридік оқыту үлгілері арқылы филолог-студенттердің сандық сауаттылығын дамытуға жүйелілік тәсілі тиімділігін көрсетіп, білім беру мекемелерінде осындай тәжірибелерді әрі қарай зерттеу және енгізу үшін болашақ мүмкіндіктерге жол ашады.

Сандық құзыреттілік тек компьютермен және бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу дағдысымен шектелмей, ақпаратты із-

деу, талдау, өңдеу, контент жасау және тарату, сандық кеңістікте қарым-қатынас жүргізу және ынтымақтасу үшін сандық құралдарды пайдалана білу қабілетін меңзейді. Қазақ филологиясы саласы бойынша маманданатын студенттерге сандық құралдарды меңгерту ұлттық мәдениетті зерттеуде, насихаттауда, тиімді ғылыми ізденісте және заманауи білім беруде нәтижеге жету мүмкіндіктерін кеңейтеді. Жүргізілген сауалнама нәтижелері осы мамандық студенттерінің сандық құзыреттілік деңгейінің әртүрлі екендігін көрсетті. Сондықтан аталған құзыреттілікті арттыруға арналған арнайы білім беру тәсілдері мен әдістер жүйесі әзірлену қажеттілігі туындады.

Сандық сауаттылық бүгінгі қоғамның қажеттілігін ғана көрсетпей, еліміздің даму стратегияларының ажырамас бөлігіне айналды. Себебі білім беру саласында альфа-ұрпақтың сұранысына сәйкес оқыту әдістерінің икемделу үдерісі қатар жүріп жатыр. Қазақ филологиясындағы болашақ мамандарға сандық құзыреттілікті альфа-ұрпақтың ақпаратты қабылдау мүмкіндіктерінің барлық жолын қарастыру қажет. Бұл ретте альфа ұрпақ Z ұрпағынан кейін келген толқын болып табылады. XX ғасырдан бастап ұрпақтар төмендегідей жіктелетіні жиі айтылады:

«Ұлы ұрпақ (1900-1928); Үнсіз ұрпақ (1928-1945); Беби-бумерлер (1945-1962); X ұрпағы (1962-1981); Y ұрпағы (1981-1995); Z ұрпағы (1995 жылдан бастап)» (Strauss, 1991: 3).

Зерттеулерге сәйкес (Данилова, 2023; Khan, 2017; Martzoukou, 2020; Johnston, 2020; Zan, 2021), сандық технологияның қарқынды даму кезеңінде дүниеге келген альфа-ұрпақтың зейінін дәстүрлі білім беру әдістерімен ғана шоғырландыру, зейінін ұзақ мерзімге ұстап тұру қиындық тудырған. Мұның себебін Л.Н. Данилова: «Білім беру мақсаттары деңгейінде әлі де білімді жинақтауға бағдар басым болып отыр. Бұл – құндылықтарды меңгеру мен дағдыларды өздігінен игеруден гөрі, жинақталған білімнің абстрактілі пайдасы мен ұзақ мерзімділігіне бағдар ұстану. Мысалы, ағылшын тілі қазіргі әлемде «өте маңызды пән» ретінде қарастырылады, алайда ол балалардың өздері күткендей практикалық мақсаттарға және күнделікті практикалық қолданысқа бағытталмайды. Ал оқушылардың күтетін қажеттілігі – ағылшын тілін әлеуметтік желілердегі бейнелер мен мемдерді түсіну үшін үйрену сияқты өмірлік маңызы бар, нақты тәжірибелік мақсаттарға негізделген» (Данилова, 2023: 65), – деп түсіндіреді.

Л.Н. Данилованың бұл пікірі қазіргі білім беру жүйесінің ең өзекті мәселесін тілге тиек етеді. Ғалымның пікірінше, оқыту үдерісінде басты назар әлі де білімді жай ғана жинақтауға аударылып отыр. Яғни, білімнің мәні оның өмірлік қолданылу аясынан гөрі абстрактілі сипатта қарастырылады. Бұл жағдай әсіресе тілдік пәндерде айқын байқалады. Шын мәнінде, тіл үйрену адамның күнделікті қарым-қатынасына, мәдени ортаға енуіне, ақпаратты еркін қабылдауына қызмет етуі тиіс. Білім алушылар тілдік білімді шынайы өмірде қолданғысы келеді. Әлеуметтік желілердегі бейнелер мен мемдерді түсіну, заманауи контентті игеру – жастар үшін маңызды практикалық қажеттілік. Бірақ қазіргі білім беру жүйесі олардың осы қажеттілігін ескере бермейді. Мұның салдарынан оқыту үдерісі формалды сипат алып, студенттердің ішкі мотивациясы төмендейді.

Егер білім беру тек ұзақ мерзімді, абстрактілі мақсаттарға бағытталса, онда заманауи цифрлық құралдардың мүмкіндігі толық пайдаланылмайды. Керісінше, егер оқыту студенттің күнделікті тәжірибесімен үштасса, яғни тілді әлеуметтік желі, ойын, бейнежазба секілді ортада қолдану арқылы меңгеру қолға алынса, онда білім алушылардың қызығушылығы артып, білім сапасы жоғарылайды. Білім тек жинақталатын деректер жиынтығы емес, ол – құндылықтарды меңгерудің, дағдыны тәжірибеде қолданудың құралы. Бұл көзқарасты тілдік пәндерді оқытуда іске асыру – қазіргі педагогиканың басты міндеттерінің бірі.

Материалдар мен әдістер

Білім алушылардың сандық құзыреттілік деңгейін өлшеу және оны дамыту әдістеріне қатынасын анықтау мақсатында үш бөлімнен тұратын сауалнама Google Forms ақпарат пен деректерді жинауға арналған бұлттық онлайн-қызметі арқылы әзірленіп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері болып табылатын респонденттерге таратылды.

Сауалнаманың басым бөлігін қамтитын сұрақтар компьютердің негізгі дағдыларымен, мәтіндік редакторлармен, іздеу жүйелерімен, электронды кітапханалармен, мультимедиа редакторларымен және арнайы бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу қағидаларымен байланысты болды.

Білім алушылар оқу үдерісі барысында қандай электронды құралдарды (электронды

оқулықтар, вебинарлар, интерактивті платформалар, мессенджерлер және т.б.) қолданатыны туралы ақпарат анықталды.

Сауалнамада білім алушылардың сандық білім беруге байланысты іс-шараларға (онлайн курстар, шеберлік сыныптары, АКТ қолданылатын жобалар, т.б.) қатысу тәжірибесі талданды.

Сауалнама деректерінің дұрыс жинақталуы мақсатында сұрақтар білім алушылардың мамандығының ерекшеліктеріне қарай бейімделді.

Жауап берген респонденттердің саны 107 студентті құрады. Барлық қатысушылар Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқитын студенттер. Іріктеу нақты мамандық студенттеріне көзделген арнайы әдіспен жүргізілді, бұл нәтижелерді статистикалық жалпылау мүмкіндіктерін нақтылады. Алынған деректер респонденттердің сандық дағдыларының ағымдағы деңгейі мен білім беру қажеттіліктері туралы түсінік береді.

Жинақталған деректер сипаттамалық статистика әдісімен өңделді. Жеке дағдыларды меңгеру көрсеткіші, белгілі бір сандық құралдарды қолдану дәрежесі, әртүрлі оқу әдістеріне деген қызығушылық деңгейі анықталды. Сонымен қатар, ашық жауаптарға сапалық талдау жүргізілді, бұл сандық құзірет жағдайының мәселелі аймағын анықтауға және студенттердің сандық білім беру туралы пікірлерін білуге мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Білім алушылардың оқу үдерісінде қалыптасатын құзыреттілігі білім мен біліктің, ұшталған дағды мен тәжірибенің белгілі бір тұлғалық қасиеттерге шоғырлануынан қалыптасады. Себебі, құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Бұл ретте сандық сауаттылықтың нәтижесінде орнайтын, білім, білік, дағды, тәжірибе мен тұлғалық қасиеттердің жиынтығы сандық құзыреттілікті құрайды.

Сандық құзыреттілік – бұл тек АКТ-мен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын ғана емес, сонымен қатар ақпаратты іздеу, өңдеу, бағалау, оқу, қарым-қатынас құру, контент жасау және кәсіби мәселелерді шешу мақсатында сандық технологияларды пайдалана білу қабілетін қамтитын көп аспектілі ұғым (Ferrari, 2013). Қазіргі қоғамда оны меңгеру, әсіресе, болашақ педагог

мамандарына жетістікке жетудің негізгі шарттарының біріне айналды. Қазіргі білім беру кеңістігінде «сандық сауаттылық» термині жиі қолданылады, ол сандық ортада тиімді бағдарлау, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау және этикалық нормаларды сақтауға мүмкіндік беретін білім мен дағдылардың кең спектрін білдіреді (Bawden, 2008). Осылайша, сандық сауаттылық сандық құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және медиасауаттылықты дамытумен тығыз байланысты. Гуманитарлық бағыттағы студенттердің сандық сауаттылығын арттыруда білім беру платформаларымен, онлайн-ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын, виртуалды қарым-қатынасқа және ұжымдық қызметке қатысуды қалыптастыруға ерекше мән беріледі (Ananiadou & Claro, 2009).

EdTech (Білім беру технологиялары) – бұл білім беру үдерісін жақсартуға және өзгертуге бағытталған сандық технологиялар мен шешімдердің жиынтығы (Pokhrel & Chhetri, 2021). Заманауи EdTech құралдарына интерактивті платформалар, оқытуды басқару жүйелері (LMS), жұптық жұмыс істеу құралдары, мобильді қосымшалар және бейімдеп оқытуға да, оқу деректерін талдауға да қолданылатын жасанды интеллект (ЖИ) жатады. Гуманитарлық білім беру саласында EdTech оқу материалдарына қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге, мультимедиялық контентпен интерактивті курстар жасауға және студенттердің белсенділігін ынталандыруға мүмкіндік береді. EdTech-ті қолдану жеке оқу траекторияларын дамытуға ықпал етеді (Johnson et al., 2016), бұл классикалық және заманауи білімді біріктіруді қажет ететін қазақ филологиясы факультеттері үшін әсіресе маңызды. EdTech арқылы білім беру барысында «Edutainment» тұжырымдамасы қалыптасқаны айқын. Ол білім беру технологияларын білім алушының фокусына негіздеп, ойынға негіздеп оқытумен сабақтасады.

Edutainment (ағылш. education + entertainment сөздерінің құрамасы) – мотивациялық, қызықты және тиімді оқу ортасын құруға бағытталған, ойын элементтері бар білім беру қызметі (Gee, 2007). Edutainment геймификацияны, интерактивті мультимедиялық материалдарды, сюжеттік ойындар түріндегі оқу сценарийлерін пайдаланады, бұл назар аудару, қызығушылық және меңгерілген материалдың тұрақтылығын арттырады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің сандық құзыреттілігін дамыту үшін edutainment-механизмдері: интерактивті лингвистикалық ойындар, әдеби шығармалар

бойынша квесттер, білім беру контенті бар бейнеойындарды пайдалану, қазақ мәдениетінің тарихи ескерткіштері бойынша виртуалды экскурсияларды қамтиды. Мұндай әдістер тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді (Kiili, 2005).

Сандық құзыреттілікті дамытуда дәстүрлі оқуға EdTech-ті қолдана отырып оқыту – өзіндік, командалық қызметті ынталандырып, бірнеше құзыреттілікті бір уақытта дамытуға негізделген (Магомедалиева, 2020).

EdTech пен edutainment-форматтарды тиімді пайдалана білетін оқытушыларды дайындау да аса маңызды бағыт болып табылады, бұл арнайы әдістемелік қолдауды және біліктілікті арттыруды талап етеді (Fernández-Batanero, т.б. 2022).

Ғалымдардың пікірі негізінде филолог-студенттердің сандық сауаттылығын арттыру әдістемесі төмендегі мәселерді қамтитыны анықталды:

1. Сандық сауаттылық модульдерін сандық дағдыларға баса назар аудара отырып енгізу. Негізгі сандық сауаттылықты (деректермен жұмыс, арнайы бағдарламаларды пайдалану) дамытатын оқу курстарын құру, бұл біртіндеп сандық құзыреттілікті дамытуға (стратегиялық талдау және мәселелерді шешу) көшу болып табылады.

2. Практикалық жобалар мен кейстер арқылы оқыту. Сыни ойлау, талдау және сандық деректерді түсіндіру дағдыларын қалыптастыру үшін филологиямен мамандығындағы білім мазмұнына байланысты нақты деректер мен тапсырмаларды пайдалану арқылы жүзеге асады (корпустық зерттеулер, сандық лингвистика).

3. Сандық жүйріктікті дамыту. Деректерді академиялық этикаға сәйкес пайдалану және авторлық құқықтарды қорғауға назар аудару отырып, әртүрлі сандық құралдарды еркін және интуитивті пайдалануды қамтамасыз ету.

4. Сандық ептілікті қалыптастыру. Инновациялық ойлау мен бейімделушілікті ынталандыру: студенттер сандық технологиялардың көмегімен жаңа шешімдерді іздеуді, күрделі деректерді талдауды, сандық талдау мен филологиялық зерттеулердің түйіскен жерінде түпнұсқа контент жасауды үйренеді.

Нәтижелер мен талқылау

Сандық дағдыларды меңгеруін анықтау мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің «6B011700-Қазақ тілі мен

әдебиеті» мамандығында оқитын студенттерден сауалнама алынды. Сауалнамаға 107 респондент қатысып, жабық және ашық сұрақтарға жауап берді. Қазіргі білім беру жүйесі сандық технологияларды біртіндеп біріктіруде, бұл әсіресе филологияға қатысты пәндерді оқытуда өзектілігі жоғары. Қазақ тілі мен әдебиетін оқитын студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері EdTech-ке деген қатынастың негізгі тенденцияларын, сондай-ақ оларды қолданудың проблемалық аспектілері мен болашағын анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің көпшілігі негізгі қолданбалармен: мәтіндік редакторлармен (89%), іздеу жүйелерімен (95%) және электрондық пошта сервистерімен (84%) өте жақсы жұмыс істейді. Бұл нәтижелер бірқатар шетелдік және отандық зерттеулердің (Строков, 2020; Михайлова, 2020) қорытындыларымен сәйкес келеді. Алайда, бейнемонтаж, дыбыс жазу сияқты мультимедиялық контентпен және лингвистикалық талдауға арналған арнайы бағдарламалық жасақтамамен жұмыс сияқты күрделірек дағдыларға көшкенде, меңгеру деңгейі айтарлықтай төмендеуде — сәйкесінше 42% және 37%. Бұл дәл осы бағыттар бойынша практикаға бағдарланған оқытуды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Жауап берушілердің 68% вебинарлар мен онлайн-курстарды материалды меңгеру және сандық дағдыларды арттырудың тиімді әдісі деп тапты. 75% сандық технологияларды қолдана отырып, жобалық қызметке қатысуға ұмтылысын білдірді, бұл практикаға бағдарланған әдістерге деген сұранысты көрсетеді. Көптеген студенттер мультимедиялық ресурстарды – бейнесабақтарды, сирек кездесетін қазақша мәтіндерге қол жеткізуі бар электронды кітапханаларды, интерактивті тесттерді пайдалануға қызығушылық танытты. Алайда, қазақ әдебиеті саласындағы шетелдік және отандық зерттеулерге арналған арнайы дайындалған электронды материалдардың жеткіліксіздігі атап өтілді. Негізгі проблемалар ретінде техникалық проблемалар (19 студент, 43%), уақытты басқарудағы қиындықтар (8 студент, 18%) және оқытушылардың жеткіліксіз қолдауы (8 студент, 18%) аталды. Тағы 6 адам (14%) «басқа факторларды» атап өткен және 4 жауап беруші (9%) контент сапасының төмендігін көрсеткен.

Студенттердің көпшілігі уақытты үнемдеу, өздігінен оқу мүмкіндігі және материалдарға қол жеткізу сияқты артықшылықтарды атап

өтті. Сонымен қатар, жауаптарда пәнге деген қызығушылықты арттыру және интерактивті технологияларды қолдануды қоса алғанда, «басқа артықшылықтар» туралы айтқан. Сондай-ақ, аудио және бейнежазбаларды әдеби шығармаларды оқу үшін пайдалану өте пайдалы болатыны атап көрсетілген: студенттердің айтарлықтай бөлігі бұл тәжірибені «өте тиімді» немесе «тиімді» деп бағалады. Бұл күрделі мәтіндерді меңгеруде мультимедияның әлеуетін көрсетеді.

Студенттердің ашық жауаптарын талдау оқытушылардың жоғары сандық құзыреттілігінің маңыздылығын анықтады. Ашық жауаптарда студенттер жиі ойындарды, бейнероликтерді, сондай-ақ тақырыптарды көрнекі түрде ұсыну мүмкіндігін атап өткен. Бұл белсендіруді арттыру үшін геймификация мен мультимедиялық форматтардың маңыздылығын көрсетеді.

Сонымен қатар, оқу аудиторияларының заманауи сандық ресурстармен және бағдарламалық жасақтамамен жеткіліксіз жабдықталғандығы, сондай-ақ лицензиялық білім беру платформаларына шектеу бар екені анықталды.

Нәтижелерді жіктей келе, мынадай ұсыныстар айқындалды:

- оқу жоспарына салалық ерекшеліктерін ескере отырып, сандық сауаттылық бойынша міндетті курстарды енгізу;

- қазақ тілі мен әдебиетінің ерекшеліктеріне бейімделген қашықтан оқыту платформалары мен мультимедиялық контентті белсенді пайдалану;

- оқулық және ғылыми өнімдерді жасауға бағытталған сандық құралдарды қолданатын жобалық және зерттеу қызметін дамыту;

- оқытушыларға арналған біліктілікті арттыру курстарын және әдістемелік қолдауды жүйелі түрде ұйымдастыру;

- университеттердің техникалық базасын кеңейту, заманауи лицензиялық ресурстар мен бағдарламаларға қол жеткізу мүмкіндігін арттыру.

Сауалнама нәтижелері студенттердің интерактивті білім беру платформалары мен онлайн-курстарды пайдалануға деген жоғары қызығушылығын көрсетеді, бұл EdTech тұжырымдамасымен сәйкес келеді. Студенттер «Edutainment»-тың беретін мүмкіндіктерін – оқытудың ойын түрі мен мультимедиялық материалдарды күрделі теориялық материалдарды жақсырақ меңгеруге ықпал ететіндігін жоғары бағалады.

Дегенмен, оқу аудиторияларын қажетті сандық құралдармен жеткіліксіз жабдықтау және білім беру платформаларына кең қол жеткізудің

болмауы заманауи оқыту әдістерін толық енгізуді қиындатады. Бұл мәселе ең алдымен студенттердің тең мүмкіндікке қол жеткізуіне кедергі жасайды. Бір аудиторияда цифрлық тақта мен жоғары жылдамдықты интернет болса, екіншісінде тек дәстүрлі құралдармен шектелу оқыту сапасында алшақтық туғызады. Мұндай жағдайда EdTech-тің әлеуеті толық іске аспай, оның артықшылықтары формалды сипатта ғана қалады. Сонымен қатар қолжетімді цифрлық платформалардың аздығы немесе олардың шектеулі жұмыс істеуі оқытушыны дәстүрлі әдістерге қайта оралуға итермелейді. Әсіресе тілдік пәндерде бұл мәселе айқын сезіледі: онлайн сөздіктер, бейнематериалдар мен интерактивті жаттығуларға қол жеткізе алмау студенттің тәжірибелік дағдыларын шектейді. Мұндай жағдайда оқыту көбіне теориялық сипатта қалып, тілдік құзыреттілікті өмірлік жағдаяттарда қолдану мүмкіндігі азаяды. Осы мәселенің тағы бір қыры – оқытушылардың цифрлық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларының жеткілікті деңгейде болмауы. Егер қажетті платформа бар болса да, оны әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолдана алмаса, нәтиже күткендей болмайды. Сондықтан техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етумен қатар, педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру маңызды. Бұл бағытта арнайы курстар, тренингтер, тәжірибе алмасу алаңдары қажет. Бұған қоса, қолжетімділіктің шектеулігі студенттердің өзіндік білім алуына да теріс ықпал етеді. Цифрлық ресурстарға үнемі қолы жетпеген студент оқу процесінде пассивті қалып, шығармашылық ізденісін азайтады. Ал заманауи білім берудің басты мақсаты – студенттің белсенді, өздігінен білім алуға қабілетті тұлға болып қалыптасуы. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық инфрақұрылымды күшейту тек техникалық мәселе емес, білім беру сапасының негізгі көрсеткіші болып табылады. EdTech пен «Edutainment»-тың тиімді қолданылуы жүйелі және оқытушылардың біліктілігін талап ететінін атап өту маңызды. EdTech өнімдерін және «Edutainment» тәсілдерін оқу үдерісімен біріктіру, әсіресе мәтіндерді талдау, сыни ойлау және шығармашылықпен байланысты оқу қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің сандық құзыреттілігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады.

Қорытынды

Талдау нәтижелері көрсеткендей, тілдік білім беруде EdTech-ті қолдану студенттердің

сандық құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсер етеді. Жауап берушілердің көпшілігі сандық технологияларды қолдану барысында мотивациялық өсу байқалғанын, грамматиканы жақсырақ меңгеруін, білім беру тәжірибесінің сапасы мен өздігінен жұмыс істеу дағдысының жоғарылауын атап өткен.

Білім берудің сандық трансформациясы жағдайында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің сандық құзыреттілігін күшейту мамандандырып даярлау сапасын арттырудың өзекті міндеті болып табылады. Жүргізілген зерттеу сандық дағдылардың ағымдағы деңгейінің біртекті еместігін растап, оқытудың заманауи әдістерін жүйелі түрде біріктіру мен білім беру инфрақұрылымын кеңейту қажеттілігін көрсетеді. Жаһандану жағдайында еңбек нарығы түлектер үшін жаңа талаптар қояды. ХХІ ғасыр мұғалімі тек пәндік білімді меңгерумен шектелмей, цифрлық ортада бағдар таба білетін, жаңа технологияларды меңгерген әмбебап маман болуы тиіс. Бұл ретте «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алушылардың сандық құзыреттілігін дамыту – олардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігінің негізгі шарты. Сандық құзыреттілігі дамыған түлек тек мектепте сабақ берумен шектелмей, түрлі ғылыми-зерттеу жобалар жүргізуіне, жасанды интелектің (ЖИ) көмегіне жүгінуге, цифрлық тәрбие беру саласына да белсене араласа алады.

Білім сапасын арттырудың тағы бір маңызды тетігі – академиялық ортада сандық мәдениетті қалыптастыру. Студенттің цифрлық ортада өзін-өзі дамыту дағдысы, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті, интернеттегі ақпаратты саралай білу қабілеті болашақ маманның кәсіби өсуіне ықпал етеді. Сондықтан оқу процесінде электронды платформалар, онлайн кітапханалар, мультимедиялық контенттер, цифрлық тесттер мен сауалнамалар кеңінен қолданылуы тиіс.

Зерттеу нәтижесінде белгіленген мақсаттарды сәтті жүзеге асыру үшін студенттер, оқытушылар және білім беру ұйымының арасындағы тығыз байланыс қажет екені анықталды. Бұл байланыс студенттердің кәсіби және жеке құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін толыққанды сандық ортаны құруға бағытталуы тиіс. Мұндай ортада студент тек білім алушы ретінде ғана емес, сонымен қатар белсенді қатысушы, жаңа білімді құрастырушы ролінде көрінеді. Сандық ортаны құру ең алдымен оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастың жаңа форматын қалыптастырады. Дәстүрлі біржақты ақпарат беруші модельдің орнына оқытушы – бағыттаушы,

ал студент – ізденуші әрі серіктес ретінде әрекет етеді. Бұл жағдайда цифрлық құралдар тек ақпарат жеткізуші емес, өзара байланыс құралына айналады. Мысалы, онлайн платформалар арқылы студент оқытушымен жедел пікір алмаса алады, өз идеяларын ортаға салып, оларды топтық талқылауда сынақтан өткізе алады. Білім беру ұйымы да бұл процесте белсенді рөл атқарады. Ол тек техникалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етумен шектелмей, оқытушылар мен студенттер арасындағы серіктестік мәдениетін дамытуға жағдай жасауы тиіс. Мысалы, университет деңгейінде сандық хабтар, онлайн ресурстық орталықтар құру студенттердің шығармашылық жобаларын іске асыруға, оқытушылардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Мұндай байланыс студенттердің кәсіби құзыреттілігін, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады. Сандық ортада жұмыс істеу ынтымақтастықты, жауапкершілікті, уақытты тиімді басқаруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық құралдарды пайдалану студентті болашақ кәсіби қызметінде кездесетін түрлі жағдайларға бейімдейді. Оқытушы, студент және білім беру ұйымының үйлесімді әрекеттесуі нәтижесінде сандық трансформацияның артықшылықтары толық ашылады. Бұл байланыс әлсіз болған жағдайда цифрлық құралдар оқыту сапасына айтарлықтай әсер ете алмайды. Ал керісінше, үш жақты серіктестік мықты болғанда студенттердің сандық құзыреттілігі тұрақты дамып, олардың бәсекеге қабілеттілігі артады. Осылайша, мақсаттарға жетудің негізгі тетігі – сандық технологияларды тиімді қолданумен қатар, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында тұрақты байланыс орнату. Бұл байланыс тек формалды деңгейде емес, мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан терең болуы қажет.

Тілдік пәндерді оқытуда EdTech-ті кешенді енгізу тек техникалық қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен қатар педагогикалық сүйемелдеуді талап етеді. Себебі сандық құралдардың өздігінен болуы оқыту сапасын жақсартып алмайды, оларды тиімді пайдалану үшін мұғалімнің әдістемелік құзыреті шешуші рөл атқарады. Оқытушы цифрлық ресурстарды сабақтың мазмұнымен ұштастырып, студенттің тілдік дағдыларын шынайы өмірлік жағдайларда қолдана білуін қамтамасыз етуі қажет.

EdTech технологияларын дұрыс қолдану студенттерді пассивті тұтынушыдан белсенді қатысушыға айналдырады. Мәселен, онлайн-платформалар арқылы сөздік қорды жаттау немесе

грамматикалық ережелерді бекіту мүмкін болса, виртуалды сыныптарда талқылау, пікір алмасу, бірлескен жоба жасау секілді әрекеттер студенттің тілдік ортаға енуіне ықпал етеді. Бұл ретте педагогикалық сүйемелдеу оқыту процесінде мақсатты түрде кері байланыс беруді, қателерді түзетуді және студенттің жетістігін мониторингтеуді қамтиды.

Сонымен бірге EdTech-тің тиімділігі студенттің ішкі мотивациясымен де байланысты. Тілді меңгеру барысында заманауи құралдар – бейнежазбалар, подкасттар, интерактивті ойындар, әлеуметтік желі контенті – студенттің қызығушылығына жақын болғанда ғана нәтиже береді. Мұғалім осы мүмкіндіктерді кәсіби тұрғыдан іріктеп, олардың әдістемелік құндылығын арттыра білуі тиіс. Бұл жағдайда педагогикалық сүйемелдеу тек түсіндіру немесе бақылау емес, студенттің өзіндік білім алу траекториясын қалыптастыруға бағытталған жол көрсету қызметіне айналады.

Сонымен қатар тілді оқыту пәндерінде EdTech құралдарын енгізу кезінде мәдени мазмұнды да ескеру аса маңызды. Тек техникалық платформалар емес, олардың мазмұндық жағы – мәтіндердің, бейнематериалдардың, мысалдардың мәдени және құндылықтық тұрғыдан үйлесімділігі басты назарда болуы тиіс. Педагог осы үйлесімділікті сақтай отырып, студенттің тілдік құзыреттілігін ғана емес, мәдениетаралық коммуникация қабілетін де дамытады.

Қорытындылай келе, тілдік пәндерде EdTech-ті қолдану біржақты техникалық мәселе емес. Ол – әдістемелік, психологиялық және мәдени өлшемдерді біріктіретін күрделі педагогикалық процесс. Егер бұл процесте мұғалімнің кәсіби қолдауы қамтамасыз етілсе, онда цифрлық технологиялар тіл үйретудің қуатты құралына айналады.

Бұл ретте мультимедиялық және интерактивті форматтарды дамыту, сандық ортада оқытушы рөлін күшейту және техникалық инфрақұрылымды тұрақтандыру EdTech-тің студенттердің сандық құзыреттілігін қалыптастыру әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырған «Заманауи EdTech технологиясын қолдану арқылы Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» (AP27511743) жобасы аясында әзірленді.

References

- Ananiadou, K., Claro, M. (2009). 21st-century skills and competences for new millennium learners in OECD countries. OECD Education Working Papers.
- Anderson, L. (2019). Digital competencies in humanities education. *Journal of Educational Technology*, Vol. 14(2). P. 45-59.
- Bawden, D. (2008). Origins and concepts of digital literacy. In *Digital literacies: Concepts, policies and practices*.
- Brown, S. (2018). Project-based learning and digital media. *Educational Innovations*, Vol. 22(4). P. 112-120.
- European Commission. (2018). DigComp 2.1: The Digital Competence Framework for Citizens.
- Fernández-Batanero J.M., Montenegro-Rueda M., Fernández-Cerero J., García-Martínez I. (2022) Digital competences for teacher professional development. Systematic review. *European journal of teacher education*, Vol. 45 (4). P. 513-531.
- Ferrari, A. (2013). DIGCOMP: A Framework for Developing and Understanding Digital Competence in Europe. European Commission Joint Research Centre.
- Gee, J. P. (2007). What video games have to teach us about learning and literacy. Palgrave Macmillan.
- Johnson, L., Adams Becker, S., Cummins, M., Estrada, V., Freeman, A., & Ludgate, H. (2016). NMC Horizon Report: 2016 Higher Education Edition. The New Media Consortium.
- Johnston, N. (2020). The shift towards digital literacy in Australian university libraries: Developing a digital literacy framework. *Journal of the Australian Library and Information Association*, Vol. 69. P. 93–101. DOI: 10.1080/24750158.2020.1712638.
- Khan, S. A., & Bhatti, R. (2017). Digital competencies for developing and managing digital libraries. *Electronic Library*, Vol. 35. P. 573–597. DOI: 10.1108/EL-06-2016-0133.
- Kiili, K. (2005). Digital game-based learning: Towards an experiential gaming flow. *Experience, Design and Activity*, Vol.20(3). P.13-32.
- Magomedalieva, M. R., & Gamidov, L. Sh. (2020). Informatsionno-kommunikatsionnyye tekhnologii v obrazovanii [Information and Communication Technologies in Education]. (In Russian)
- Martzoukou, K. (2020). Academic libraries in COVID-19: A renewed mission for digital literacy. *Library Management*, Vol. 42, P.266–276. DOI: 10.1108/LM-09-2020-0131.
- Mikhailova, E. V. (2020). Osobennosti tsifrovoy gramotnosti studentov-filologov. [Features of Digital Literacy among Philology Students]. *Vestnik gumanitarnykh nauk [Vestnik of Humanitarian Sciences]*, Vol. 5 (18), P. 34-42. (In Russian).
- Pokhrel, S., & Chhetri, R. (2021). A literature review on impact of COVID-19 pandemic on teaching and learning. *Higher Education for the Future*, Vol. 8(1). P. 133-141.
- Salganova, E., & Osipova, L. (2023). Tsifrovaya gramotnost' studentov: kompetentnostnyy podkhod [Students' Digital Literacy: A Competency-Based Approach]. *Ekonomicheskkiye i sotsial'nyye peremeny: fakty, tendentsii i prognoz. [Economic and Social Changes: Facts, Trends, Forecast]*, Vol. 16 (1), P. 1-14. (In Russian)
- Strauss W., Howe N. (1991). *Generations*. New York: Harper Perennial.
- Strokov, A. A. (2020). Tsifrovizatsiya obrazovaniya: problemy i perspektivy [Digitalization of Education: Problems and Prospects]. *Vestnik Minskogo universiteta [Vestnik of Minsk University]*, Vol. 8 (2), P. 1-15. (In Russian)
- Zan, B. U., Çolaklar, H., Altay, A., & Taskin, N. (2021). A study on digital literacy skills of faculty of letters students: Use of university library. *International Journal of Emerging Technologies in Learning*, Vol. 16. P. 152–171. DOI: 10.3991/ijet.v16i01.16567.

Автор туралы мәлімет:

Иманқұлова Меруерт Амантайқызы – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mika_iman@mail.ru).

Information about the author:

Imankulova Meruert Amantaykyzy – PhD, acting associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mika_iman@mail.ru).

Сведения об авторе:

Иманкулова Меруерт Амантайқызы – PhD, и. о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: mika_iman@mail.ru).

Келін түсті: 25 шілде 2025 жыл
Қабылданды: 20 қыркүйек 2025 жыл